



DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2026-155-2-101-118>

ХҒТАР 16.21.21
Ғылыми мақала

П. Нұрдаулет¹, Г.Ә. Сәрсекес^{2*}, А. Маулет³

^{1,2}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

³Астана Халықаралық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: 1pnurdaulet1984@mail.ru, 2sarseke_ga@enu.kz, 3mr.ardabi@mail.ru)

КҮЙ АҢЫЗДАРЫНДАҒЫ МӘДЕНИ СИМВОЛДАР МЕН ТІЛДІК ТАҢБАЛАРДЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Андатпа. Мақалада қазақтың күй аңыздарындағы мәдени символдар мен тілдік таңбалардың табиғаты, қызметі және ұлттық санадағы рөлі лингвистика мен мәдениеттану ғылымдары даму бағыты перспективасынан талданады. Зерттеу бай фольклорлық мұра мен дәстүрлі баяндауды біріктіре отырып, күй аңыздары мен музыка арасындағы семиотикалық өзара қатынасқа назар аударады. Күй аңыздарындағы мәдени символдар мен тілдік таңбалар – ұлттың дүниетанымымен етене жақын ұғымдар. Тілдің қызметі тек коммуникативтік рөлмен шектелмейтіндігі сондықтан. Ол осы негізгі қызметі аясында этномәдени ақпаратты жинақтап, сақтап, үздіксіз жаңартып, кейінгі ұрпаққа жеткізіп отыратын басты құрал болып табылады. Лингвомәдениеттану тұлғасынан талдау күй аңыздарының семиотикалық құрылымын, когнитивтік тереңдігін және әлеуметтік қызметтерін ашуға мүмкіндік береді. Бұл зерттеудің мақсаты – күй аңыздарындағы мәдени символдар мен тілдік таңбалардың лингвомәдениеттанымдық сипатын анықтау, олардың ұлттық дүниетаным мен мәдени кодты танытудағы қызметін айқындау. Жұмыстың жаңалығы аталмыш тақырыптағы ғылыми мақала ретінде, күй аңыздарындағы мәдени символдар мен тілдік таңбаларды лингвомәдениеттану интердисциплинарлы сала аясында терең талдауымен құнды. Зерттеу тіл мен мәдениеттің фольклорлық мәтінді қалыптастырудағы өзара ықпалы туралы маңызды деректер мен пайымдаулар ұсынады. Тілдік талдаулар мен мәдени интерпретацияны интеграциялау арқылы күй аңыздары контекстіндегі тіл мен мәдениеттің қиылысу механизмдерін айқындайды. Алынған нәтижелер фольклор мен күй аңыздарын зерттеуде лингвомәдени әдістеменің маңызын ашып, тіл, мәдениет пен фольклор арасындағы көпөлшемді, көпқабатты және күрделі ұғымдарды жүйелі түрде түсінуге үлес қосады.

Түйін сөздер: символ, лингвомәдениеттану, лингвистика, күй аңыздары, фольклор, таңба.

Түсті: 25.12.2025; **Жөнделді:** 14.03.2026; **Мақұлданды:** 16.03.2026; **Онлайн қолжетімді:** 30.06.2026

Кіріспе

Күй аңыздары – ұлттық күй өнерімен тығыз байланысты, ауызша сақталып жеткен әңгімелер мен деректердің, фольклорлық баяндаулардың атауы. Халық арасында «күйдің шығуы», «күй хикаясы» секілді әртүрлі атауға ие. Олар күйдің жаратылу оқиғасын, тарихын суреттейтін, күй авторының өміріндегі немесе сол автор өмір сүрген қоғамдағы ерекше оқиғаларды, күйдегі маңызды музыкалық-символдық мәндерді түсіндіретін фольклорлық нарративтер болып табылады. Күй аңызының құрылымдық-мағыналық компоненттері алуан түрлі сипатқа ие: күйдің шығу тарихы, өнерпаз тағдыры, белгілі бір оқиға, махаббат, қасірет, батырлық, өлім немесе музыкалық бейнелер мен символдарға берілген интерпретациялар т.б. Бұлар символикалық тілмен, метафоралармен, эпикалық детальдармен ұштаса келе күйдің құдіретін ашуға бағытталады. Ондағы архетиптер мен мәдени кодтардың сақталып, жасырын жататындығы ғылыми лингвомәдени талдаулар негізінде дәлелдене түседі.

Қазақ фольклористика ғылымында болсын, ұлттық музыкатанудың әлеуметтік-мәдени бағыттарында болсын көлемді түрде, жүйелі негізде, ғылыми анықтамасы беріліп, жан-жақты зерттелмеген тақырыптардың бірі де осы – қазақтың күй аңыздары екенін айту міндетіміз. Ашылмаған қазынадай оқшау жатқан күй аңыздары, оның тарихы мен жиналуы, ондағы әдеби көркемдік пен тарихи негіздер, олардың тілі мен сюжеті – шындығында түбегейлі ақтарылмаған тақырып.

Күй – қазақ музыка өнерінің асқар шыңы, қадым замандардан бері ұлттың өзімен бірге туып, бірге жасап келе жатқан өнері мен өмірінің бір бөлшегі. Әрбір күйдің өзіндік тамаша бір тарихы, туу себебі, ішкі әуездік логикасы мен соған орай қалыптасқан дәстүрі болады.

Соңғы онжылдықтардағы ұлттық идентификацияға деген әлемдік жаңа көзқарас, әр халықтың әлемдік кеңістіктегі өз рөлін нақтылауға деген ұмтылысының күшеюі, ұлттық фольклор, тілтану, музыка, этнография секілді жекелеген ғылымдарды жаңа концептуалдық тәсілдер мен ғылыми модельдерді қолдана отырып кешенді түрде зерттеудің маңызын көрсетті (Тулькубаева, 2019). Міне, осы бағытта төл әдебиетіміз бен мәдениетімізді лингвомәдени бағытта қарастыру бүгінгі лингвистикада жаңа серпінді зерттеулерге жол ашуда. Ұлтқа тән қайталанбас бірегей элементтерді лингвомәдениеттану шеңберінде қарастыру – көпұлтты қоғамда толеранттылыққа жетелеп қана қоймай, мультимәдени кеңістікке жұтылып кетпудің алдын алудың да бірегей жолы болмақ (Ysmailova, 2024).

Қазақтың күй өнері синкретті өнер десек, оның өзіндік аңызының алдымен айтылуы бұл өнерге бұрыннан тән (Zhamenkeyev, 2018). Бұл орайда қазақ мәдениетінде атаусыз күйлердің болмайтынына екпін түсіре кеткен жөн. Бұл – ілкі дәуірлерден бүгінге созылған дәстүрлі халықтық және авторлық шығармалардың бәріне ортақ. Костомаров пен Верещагиннің тұжырымдарына сүйенсек: «Ұлттық мәдени компонент – атауларда айқын көрінетін құбылыс» (Allamuratov, 2021).

Қазақ күйлерінің атауларынан бастап, тарихи дамуында күй аңыздары ұлттың менталитеті мен жаратылысты қабылдау картинасы іспеттес әсер қалдырады. Күй аңыздары қазыналы зерттеу алаңы ретінде қазақтың әртарапты әмбебап мәдениетінің өзіндік сипатын терең ақтара түсуге мүмкіндік береді (Канатова, 2017). Қазақтың музыка өнерінде ертеден-ақ фольклорлық сюжеттерді кеңінен кездестіреміз. Мұның ішінде күй аңыздары ұлттық фольклорда ерекше орынға ие. Күй аңыздарының өміршеңдігі,

көпнұсқалылығы, күйдің музыкалық қуатына нарративті әр қосуы, жанраралық, өнераралық, салааралық сабақтастық тұрғысынан қызығушылық тудыруы (Казтуганова және б., 2023) ғылыми жұмысымыздың да мақсаты мен өзектілігін айқындаса керек.

Күй аңыздарында музыкалық әуен мен аңыздың тоғысы біртұтас символдық мазмұнды тасымалдайды. Ондағы тілдік таңбалармен музыкалық элемент перформативті функцияны орындайды. Аңыздардағы нарратив тек сол оқиғаны баяндап қана қоймай, орындаушының әлеуметтік рөліне, топтық идентификацияға сілтеме жасайды. Яғни, аңыз – бір оқиғадан хабар жеткізетін сөздер жиынтығы, мағынаны білдіретін код қана емес, мәдени тәжірибені жаңғыртып отыратын фольклорлық механизм.

Осы уақытқа дейін мыңдаған күй туындылары, әсіресе ескі тарихи күйлердің аңыз-әңгімелері, шығуы мен орындалуының тарихы жазылып алынып, сол тиесілі күймен бірге орындалып, айтылып отырса ұлттық музыка өнерінің эстетикасы, перформанс деңгейі тіпті де қуатты, нақышты болар еді. Күй аңыздары, күй үстіне қаланған мифологиялық сарындар мен бітім, әдебиетіміз бен мәдениетіміздің көркемдік өресін сөзсіз биіктете түсер еді (Зарыққан, 2022). Күйдің де күй аңыздарының да маңыздылығы музыка болудан қайда жоғары, әлеуметтік-тарихи және мәдени жақты толықтыруымен ерекшеленеді. Күй аңыздары – күйдің шығу тарихын, орындаушы (өнерпаз) ұғымын әлеуметтік тұтастық ішінде сан түрлі символдар, құнды тілдік бірліктер мен этномәдени элементтер күшімен ауызша жеткізетін нарративтер. Лингвомәдениеттану осы аңыздарды тілдік таңбалар жүйесі ретінде қарастыра отырып, ондағы ұлттық концепттер мен ұғымдардың мәнін ашуға ұмтылады.

Қазіргі таңда социолингвистика, психолингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика сияқты тіл білімінің жаңа салааралық бағыттары қарыштап дамып келеді. Бұл ғылыми процестер тіл мен ой, тіл мен сана, тіл мен мәдениет арасындағы табиғи тұтастықтар мен еріксіз байланыстарды тереңірек түсінуге бағытталған лингвистикалық зерттеулер жүйесінен тұрады. Соның бірі де – лингвомәдениеттаным.

Қазіргі лингвистикада (лингвофольклор, лингвомәдениеттану, лингвопоэтика, ономастика) тілді ең алдымен халықтың рухани-мәдени қазынасы ретінде қарастыру мүмкіндіктері артып келеді (Allamuratov, 2021).

Кез келген тарихи тіл – сол халықтың тарихы, мәдени тілі мен тілдік мәдениетін, дүниетанымы мен жаратылыс туралы көзқарастар жиынтығын, санасын, ата кәсібін, тұрмыс-тіршілігін, дәстүр-салты мен даналығын біріктіретін тұтас бір тірі комплекс. Тілдің қызметі тек коммуникативтік рөлмен шектелмейді, ол оның тек сырт келбеті. Шындығында ол осы негізгі қызметі аясында этномәдени ақпаратты жинақтап, сақтап, үздіксіз жаңартып, кейінгі ұрпаққа жеткізіп отыратын басты құрал болып табылады.

Тақырыбымыздың зерттеу нысаны күй аңыздары мен ондағы символдар, тілдік таңба-бірліктер болғанымен, осы мәдени объектіні зерттеудің заманауи әдісі, тақырыптың қолданбалы бағыты – лингвомәдениеттану.

Лингвомәдениеттанудың мақсаты – тіл бірліктері мен тілдік элементтер арқылы мәдениетті сақтау және жеткізу құбылысы мен механизмдерінің қалай іске асатынын айқындау, зерттеу. Бұл сала терминологиялық атауындағы құрылымы айқындап тұрғандай тіл мен мәдениеттің өзара байланысы мен әрекеттесуі тетіктерін зерттеп, ғылыми тұрғыдан түсіндіруді міндет етеді. В. Телияның тұжырым-пікіріне сүйенсек, лингвомәдениеттанудың негізгі мақсаты – тіл мен мәдениеттің, тіл мен этностың, тіл мен ұлттық менталитеттің арақатынасына жарық түсіру (Khayatova, 2022).

Лингвомәдениеттанымдық көзқарас тұрғысынан зерделегенде, тіл дыбыстар жүйесінен тұратын қарым-қатынас құралының атауы ғана емес, «ұғым – тіл – мәдениет» үштігінен құралған «мәдени код, мәдени қор, мәдени ақпарат көзі» (Жолекенова & Исина, 2023).

Жалпы лингвомәдениеттану – тіл мен мәдениеттің тарихи әрекет процесін, тілдік бірліктердің (сөз, образдар мен метафоралар, ұғым, мәтін, сөйлеу, риторикалық дәстүр, тілдік стереотип пен қалыптар) мәдени мағыналық жүгін және ұлттық дүниетанымды қалыптастырудағы рөлін ғылыми тұрғыда зерттейтін интердисциплинарлық бағыт. Бұл сала тілдік құбылыстарды тек бір форма ішіндегі қалыпты код ретінде емес, сол код арқылы берілетін мәдени-идеологиялық, когнитивтік және коммуникативтік мәндердің кешені ретінде қарастырады.

Сол себепті күй аңыздары мен ондағы символдарды, аңыз-әңгімелермен тығыз байланысты күй формасындағы ұлттық музыканың наротивті сипатын жаңа бір салааралық талдауларға салып, ұлттық, мәдени интерпретация мен талдауларға жол ашу тақырыбымыздың негізгі лейтмотиві болып табылады.

Әдебиетке шолу

Күй мен күй аңыздарын фольклормен тығыз байланыста қарастырған Мұхтар Әуезов болды. Сейіт Асқарұлы алғаш рет күй аңыздарын, өзге де аңыздармен бір қатарда ғылыми талдау мен сараптаулар нысанына айналдырып, осы фольклор өнімін әдебиеттану тұрғысынан талдайды. Сейіт Асқарұлы қаузаған мәселелердің бірі аңыздардың өз алдына дербес бір фольклорлық жанр екенін есепке ала отырып, олардың да түрлі табиғаты, бөлінісі, тақырыптары болатынын құнттау және сол аңыздардың бір бөлек отау құрған түрі күй аңыздары екенін айту еді. А. Жұбановтың «Струны столетий» еңбегінде де әртүрлі күйлердің пайда болуына қатысты аңыз-әңгімелер, дәстүрлер мен тарихи деректер кеңінен жинақталды.

Бұлардан кейін «күй аңызы» атты тақырып төңірегіне тұрақтап, елеулі еңбек еткен ғылым докторы, жазушы Ақселеу Сейдімбек болды. «Қазақтың күй өнері» аталатын еңбекте күй өнерінің бүге-шүгесі, оның ішінде күй аңыздары тарихи және этнографиялық аяда кеңінен қарастырылады. Көптеген тарихи күйшілер, халық композиторлары, олар туралы тың деректер, халық арасында жосыған күй аңыздары жинақталып, түрлі нұсқаларымен бірге алғаш осы еңбекте жарыққа шықты. А. Сейдімбек, әртүрлі далалық фольклорлық еңбек пен пайымдауларына сүйене келе қазақтың бес мыңнан астам күйі бар екенін жазады. Ал күй де шабыт шақырған елеулі оқиғадан, ерек бір көңіл-күйден туатынын ескерсек, ескі дәстүрмен осы бес мыңнан астам күйдің де өз аңызы болғанын да топшылауға болады.

Этнограф-ғалым қазақ фольклорындағы күй жанрын, оның ішінде күй аңыздары фольклорын, ұлт мәдениетіндегі күйдің алатын орны мәдени-рухани дүние екендігін танытты (Азимова, 2024).

Бұл ретте осы тақырып аясында әртүрлі сала мен бағыт тұрғысынан елеулі үлес қосқан музыкатанушыларды да атап өтуіміз керек. Күйтанушы мамандардың әр жылдық, көпқырлы еңбектерінде күй аңыздарының да тақырыптық, мазмұндық мәселелері, дәстүрлі музыка мәдениетіндегі орындаушылық және басқа да өзіндік ерекшеліктері әртүрлі деңгейде қозғалды. Мәселен, «Ақжелен» (А. Жұбанов, П. Аравин, А. Мұхамбетова, Д. Бахталиева, А. Райымбергенов), «Бұлбұл» (П. Шегебаев), «Балбырауын» (Г. Омарова),

«Аққу», «Ақсақ Құлан» (С. Райымбергенова), «Қоңыр» (Р. Несіпбай), «Қосбасар» (С. Қалиев), «Қамбархан» (Б. Мүптекеев), «Арнау» (А. Қазтуғанова) және басқалар (Қазтуғанова және б. 2023).

Күй мен оны сүйемелдеген фольклорлық мәтіндерге (аңыздар) Ernst Cassirer and Fabien Carpeillères (Cassirer және Carpeillères, 1991) секілді шетелдік авторлар да назар аударды.

Мәтін тұрғысынан күй аңыздарының мәтіндері кең көлемде «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 84-томында жарық көрді (Бабалар сөзі. Жүз томдық. 84-том. Күй аңыздар. Астана).

Көркем әдебиетте Ә. Кекілбаев («Күй»), Т. Ахтанов («Күй аңызы»), Т. Әлімқұлов (бірқатар шығармалары) секілді алып қаламгерлер күй аңызы мен оның сакралды-фольклорлық қуатын көркем әдебиетте қайта жаңғыртты. Кекілбаевтың «Күй» повесінде, жазушы көне аңызды қайта жаңғыртып, қайта суреттеп қана қоймай, аңыз табиғатына тән философиялық, психологиялық көркемдік бере отырып, аңыздың әлеуметтік сипатын көрсетеді (Таңжарықова, 2010).

Осы қатардағы тағы бір мысал ретінде Т. Ахтановтың аңыздық желіге құрылған «Күй аңызы» хикаясы 60 жылдары жария көрді (Сұлтанғалиева & Метенова, 2025).

Көркем әдебиеттегі күй аңыздарының әдеби-мәдени тұрғыда жандануында Т. Әлімқұловтың орны ерекше. Оның шығармалары – көбіне-көп аңыздық сарында өрілген қайталанбас туындылар. Жазушының қалам тартқан ірі бір арнасы – осы күй аңыздары. Ол күй тілін, күйшінің өмір ортасын, айнала тіршілікпен, әлеммен ортақ байланыста суреттейді (Сұлтанғалиева & Метенова, 2025; Демесинова, 2021; Елтаева және б. 2022).

Лингвомәдениеттану. Назарға алған зерттеу нысаны күй аңыздары болғанымен осы мәдени объектіні зерттеудің заманауи әдісі, тақырыптың қолданбалы бағыты – лингвомәдениеттану. Лингвомәдениеттану – салыстырмалы түрде лингвистиканың жаңа бір зерттеу саласы, алғаш 1970 жылдары өз алдына бөлек енші алып, бой көрсете бастады. Лингвистикада дербес ғылыми сала ретінде орныға бастаған алғашқы кезеңінен-ақ, тіл мен мәдениет және тұлға иденттілігінің өзара байланысын түсіндіретін теориялық қағидалардан негіз алды. Бұл мақсат-міндеттер мен идеяларды жүйелеу жолында салаға Эмиль Бенвенист алғашқылардың бірі болып үлес қосты. Лингвомәдениеттанудың негізгі міндеті — белгілі бір халықтың тілдік жүйесі мен мәдени кеңістігі арасындағы байланыстарды филологиялық талдау құралдары арқылы анықтау дейтін болсақ, осы әдістемелерді В.В. Воробьев, В.А. Маслова, В.Н. Телия және А.Т. Хроленко сияқты жетекші зерттеушілер дамытып, әрбірі осы пәнаралық лингвомәдениеттану саласына түрлі тұжырымдар мен көзқарастар енгізді (Maftuna, 2025).

Лингвомәдениеттануда белгілі бір теориялық ортақ бағдар, түсінік қалыптасып үлгергенімен, ғылыми бағдарын айқындауда пікір алуандығы жоқ десек жалған болар еді. Мәселен, Телия бұл саланың негізгі міндетін тіл мен мәдениеттің өзара синхронды байланысын талдау деп түсіндіреді. Ал, Маслова аталған зерттеу кеңістігі синхрония мен диахронияны қатар қамтуы тиіс деген тұжырымды ұсынады (Ergasheva, 2022).

Бұдан бөлек, Телия лингвомәдениеттанудың нысанын әмбебап деңгейдегі феномен ретінде қарастырса, Маслова керісінше, нақты тілдік негізге ғана тән лингвомәдени ерекшеліктерді зерттеу қажеттігіне назар аударады (Ergasheva, 2022).

Қалай дегенде де, соңғы онжылдықта тілтануда бұрын басым болған «тілді тек оның ішкі жүйесі» шеңберінде қарастыратын құрылымдық (антропоцентристік) парадигма

түзетулерге ұшырады. Қазіргі зерттеулер тіл мен оны тасымалдаушы адамды, тілдің функционалды тұрғыдан қолданыс алаңдарын (әлеуметтік орта, қоғам, халық) өзара байланыста қарастыратын бағытқа ауысты. Нәтижесінде тіл мен мәдениеттің өзара ықпалдасу тетіктерін, ұлттық дүниетанымның қалыптасу механизмдерін және ұлттық мәдениеттің тілдегі көрінісін жүйелі түрде зерттейтін лингвомәдениеттану (лингвистика және мәдениеттану) ғылымы қалыптасып үлгерді.

Лингвомәдениеттанудың ірі бір зерттеу ортасы – фольклор. Фольклор лингвомәдениеттану зерттеулерінің ең маңызды және орталық бағыты ретінде қарастырылады. Бұл бағытта да айтарлықтай ірі теориялық-әдіснамалық еңбектер жазылған. Тақырыбымызға сай біз бұл еңбектердің бірқатарына тоқталып өтеміз.

Мәселен, Аллан Мерриемнің Музыка антропологиясы (The anthropology of music) еңбегінде музыка мәдени және әлеуметтік құбылыс ретінде антропологиялық тұрғыдан жүйелі зерттеледі (Merriam, 1964). Автор теория мен әдістеме негізінде, музыканы тек дыбыс қана емес, әлеуметтік мінез-құлық пен мәдени концепция ретінде талдауды ұсынады. Олүштағанды аналитикалық модель ұсынады. Яғни, 1) концепция (адамдардың музыка туралы әңгімелері, аңыздары, тарихы, терминологиясы, эстетикасы), 2) әрекет пен мінез-құлық (орындау, әлеуметтік контекст, ритуалдық функциялар), 3) дыбыс (акустика, музыкалық құрылым, әуен мен ритм, ырғақ т.б.). Бұл модель – этномузыкатануға ғана емес, лингвомәдени тұрғыдан қарастыруға да стандартты зерттеу шеңберін ұсынатын теориялық тұғыр. Аталмыш еңбектің салааралық ғылымдарға жасаған теориялық ықпалы сол, музыка мен мәдениеттің өзара тәуелділігін, музыка мен мәтін зерттеуін қоғамдық және символдық жүйелерге енгізуді стандартты көзқарас деңгейіне көтерді, антропология мен этномузыкатану арасындағы көпір болды.

Келесі бір теориялық еңбек Этномузыканы зерттеу: Жиырма тоғыз мәселе мен тұжырымдама (The study of ethnomusicology: Twenty-nine issues and concepts, Nettl, 1983) атты ғылыми монография. Ғылыми еңбек этномузыка саласын жан-жақты шолып, оның негізгі ұғымдары мен әдістемелік проблемаларын жүйелейтін монографиялық оқулық ретінде белгілі. Nettl, этномузыкатануды антропологиялық перспектива тұрғысынан зерттеуге назар аудара отырып, саланың ең маңызды дискуссиялық 29 мәселесін талдайды (Nettl, 1983).

Әдеби шолу барысында тоқтала кететін келесі бір еңбек Адамның сазгерлігі қандай? (How musical is man? Blacking, 1973) атты жұмыс, этномузыкатану мен музыкалық антропологиядағы іргелі еңбек. Зерттеу музыканы тек дыбыстық құбылыс емес, әлеуметтік, мәдени, когнитивтік және биологиялық өлшемдері бар әрекет ретінде қарастырады. Бұл еңбектің тақырып аясындағы маңыздылығы музыканы әлеуметтік-мәдени контекст тұрғысынан қарастыруы. Ол музыка белгілі бір қоғамның әлеуметтік құрылымын, құндылықтарын, эмоциялық тәжірибесін бейнелейтінін көрсетеді. Блэкинг тұжырымдары бойынша музыканы түсіну үшін оның мәдени ортасын, шығу тегін, жаратылу ортасы мен себептерін және соған байланысты барлық материалдарды (авт. ұлттық контексте бұны күй аңыздарына сілтеме ретінде қарастырсақ болады) зерттеу қажет.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Зерттеу жұмысы аясында салыстырмалы, сипаттамалық және құрылымдық талдау әдістері қолданылды. Күй аңыздарындағы тілдік құралдарға негізделген лингвомәдениеттанулық инвентария мен элементтер, символдар сараланды.

Зерттеу барысында түрлі тәсілдер пайдаланылды, дегенмен ең тиімділері ретінде концептуалдық, сипаттамалық, контекстік, аналитикалық және салыстырмалы әдістер қолданылды. Мәтін – мәдени кодтарды тасымалдаушы. Сондықтан тақырып аясында күй аңыздарын талдауда символдық деректерді интерпретациялық тұрғыдан сипаттауға әрекет жасалды.

Зерттеу жұмысында күй аңыздары үшін біртұтас концептуалды теориялық ұғым қолданылды. Ол мәдениет, сана және тілдің арақатынасын кешенді түрде зерделеуге мүмкіндік беретін менталды құрылым ретінде қарастырылады. Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы мен олардың тілдік қызметте символдар мен тілдік бірліктер ретінде көрінуі тұтастық ішінде (концепт) қарастырылды.

Лингвомәдениеттанудың басты категориясы – концепт. Ол зерттеу нысанын, біздің жағдайымызда күй аңыздарының тілдік сипаттары мен сол тілдегі мәдениетті интегративті түрде талдауға арналған менталдық бірлік ретінде түсіндіріледі. Күйдің шығу төркіні мен ондағы оқиғаларды, күйдің күмбіріне жасырылған сюжет пен сезімнің тілдік сипаттары ұлтқа тән бірегей мәдени құбылыс ретінде концептуалдық, сипаттамалық интерпретациялау әдісіне салынды.

Күй аңыздары – барлық фольклорлық жанрлармен терезесі тең мәдени капитал. Дегенмен аңыздардағы символдар мен тілдік бірліктерді лингвистикалық талдауға, оның ішінде лингвомәдени аспект тұрғысынан зерттеуге алынуы алғаш екенін айта кетуіміз керек.

Бұл орайда зерттеу жұмысы төменде аталған бірқатар теориялық негіздерге сүйенеді:

- Этномузыкология: музыкалық практиканың мәдени контекстін анықтайды;
- Семиотика: музыкалық және тілдік белгілердің жүйесін талдайды;
- Когнитивтік лингвистика: концепттік метафоралар мен теория арқылы мәдени мағыналарды моделдейді;
- Лингвомәдениеттану: тілдік бірліктер мен мәдени кодтардың өзара байланысын зерттейді.

Нәтижелер мен талқылау

Зерттеушілер Казыбекова мен Сеилхановтың (2024) жазуынша Б.Б.Байкадамова домбыра күйінің интонациялық өрісіне қатысты талдау әдісін қолдана отырып тақырып тудыру, қалыптастыру механизмдерін зерттеген ғалымдардың бірі. Оның ойынша, күйдің ішкі құрылымы оны қоршаған аңыздар мен мифологиялық кестелердің мазмұнына тәуелді болып келеді. Ол күй аңыздарында «тақырып–белгі» және «сөз–символ» дуализмі қағидаларына ұқсас конструкциялар бар екендігін жазады. Өйткені, күй атауларының өзінде программалық деңгейде автоматты ассоциациялар туындайды.

Күйлердің генезисі мен тууы проблематикасында іргелі жұмыстарымен танылған жетекші ғалым А.И. Мұхамбетова «сөз бен музыка бірлігі» тұжырымын алға тарта отырып, күйлердің шығу төркінінде тілдік-мәтіндік бірліктердің рөл ойнайтындығын салмақтай түседі.

Күй аңыздарын лингвомәдениеттану тұрғысынан терең талдамас бұрын, осы күй аңыздарының өзіндік табиғаты мен түрлерін тарихи-хронологиялық, мәдени, әдеби-фольклорлық контекстте бір жүйелеп алу артық етпес.

А. Сейдімбек «Қазақтың күй өнері» (2002) еңбегінде, күй аңыздарына толыққанды зерттеу жүргізу үшін алдымен күйді тудырған себептерді айқындап, одан кейін сол

себептердің туындының формасы мен мазмұнына қалай ықпал еткенін жүйелі түрде саралауды қажет деп есептейді. Автор, күй аңыздарын ерте дәуірден қалыптасып жеткен көпнұсқалы аңыздар, халық композиторларының шығармалары арқылы жасалған аңыздар және бүгінгі күйшілердің туындыларынан өрбіген әңгімелер деп жіктейді. Халықтық аңыздар көбіне көне, көп құрылымды болып, оларда көбіне тарихи оқиғалар, эпостық әпсаналар, жануарлар мен табиғат феномендерінің символикалық бейнелері айқын көрінеді (мысалы: «Саймақтың Сарыөзені», «Қара жорға», «Жорға аю», «Тауқұдірет», «Ақсақ қаз»). Халық композиторларының аңыздары автордың жеке өмірі мен тәжірибесі, ел аралаған кезіндегі деректермен тікелей байланыста туындайды. Мысалы, Құрманғазы мен Тәттімбеттің белгілі күйлері, «Түрмеден қашқан», «Кісен ашқан», «Адай», «Аман бол, шешем, аман бол!», «Сарыжайлау», «Көкейкесті» секілді күй туындыларының өзіндік шығу себептері осының дәлелі. Ал қазіргі дәуір күйшілерінің аңыздары көбінесе жеке психологиялық мотивтерге, қазіргі әлеуметтік-хронологиялық контекст әсерінде, кейде тарихи тұлғаларға арнау арқылы жасалып, заманауи күй аңыздарының мазмұндық әртүрлілігін көрсетеді (мысалы, М. Хамзин, С. Құсайынов, Т. Момбеков шығармалары).

Күй аңыздарын тек музыкалық туындыға арналған әңгіме ретінде ғана емес, фольклорлық шығарманың кеңқұлаш мәдени-когнитивтік контекстінде қарастырғанда мәселенің терең әрі көпқабатты аспектілері айқындалады. Ақселеу Сейдімбек күй аңыздарының құрылымдық-тақырыптық ерекшеліктеріне сүйене отырып, алты негізгі топқа бөледі. Бұлар: 1) тарихи тақырыпқа арналған аңыздар; 2) күйші-композиторлардың өміріне қатысты аңыздар; 3) тұрмыс-салттық сипаттағы аңыздар; 4) арнау күйлері мен оларға байланысты әңгімелер; 5) қоршаған орта мен табиғат құбылыстарына қатысы бар аңыздар; 6) жан-жануарлар мен аң-құстар тақырыбына арналған аңыздар. Бұл құрылымдық-тақырыптық бөлінісіне қарай күй аңыздары арқалайтын символикалық бейнелер мен қатталған тілдік көрсеткіштер де әртүрлілік, әрсипаттылық танытатынын байқаймыз.

Тарихи оқиғаларға арналған күй аңыздарының құрылымы күрделілігімен ерекшеленеді. Олар типтік тарихи эпизодтардың мотивтерін негізге ала отырып, өзіндік ішкі сюжет желісі арқылы өріледі. Мұндай аңыздарда тарихи фактілер мен тұлғалардың тағдырлары күй ағысында қатар жүреді («Қазақ пен қалмақтың күйі», «Қос мүйізді Ескендір»).

Күйші-композиторларға тән аңыздар көбіне автордың өмірлік тәжірибесімен, ел аралап жүрген кезіндегі куә болған оқиғаларымен немесе жеке тағдыр-талайымен тығыз байланыста туындайды.

Әйгілі Қорқыттың «Қорқыт», Кетбұғаның «Ақсақ құлан», Байжігіттің «Қайың сауған», Тәттімбеттің «Бестөре» немесе «Сарыжайлау», Құрманғазының «Аман бол, шешем, аман бол!», Дәулеткерейдің «Көркем ханым», «Жігер» сияқты күйлерінің қай-қайсысын алсақ та, бұлардың әрқайсысының өзіне тән шығу тегі мен туу тарихы бар. Осы тұрғыдан алғанда қазақ күйлерінің аңыз-әңгімелері сол заманның оқиғалары мен тұлғалардың өмір деректерін келесі ұрпаққа жеткізуде шешуші рөл атқарғаны анық. Олар халықтың тарихи-жадтық функциясын орындаған дереккөздер болып табылады. Мәдени-тарихи тұрғыдан күй өнерін, оның жанындағы аңыз-әңгімесімен бірге дереккөз немесе «күй-шежіре» ұғымында қарастыру да ғылыми тұрғыдан әбестік етпес еді. Ал осы тарихи-хронологиялық тұрғыдан көнеден кейінге сабақтағанда әр хронологиялық кезеңнің күй аңыздарындағы тілдік мәдени кодтар мен штрихтар, ондағы символикалық бейнелер мен образдардың әралуан үлгілерін көруге болады.

Тұрмыс-салтқа байланысты туған күй аңыздары өнердің өмірмен етене жақын тұратын сырын көрсететін тақырыптық топтамаға жатқызылады. Халық тұрмысындағы толассыз ғұрыптар мен салт-жоралғылар (тұсау кесер, сүндет той, сыңсу, шілдеhana т.б.) ән-күйсіз, той-томалақ, өлең-жырсыз өтпейді. Осы себепті парасатты өнер күнделікті күйбең тіршіліктен де мән іздейді. Бұған бір мысал Есбайдың «Үш ананың айтысы» секілді кең белгілі күйлердің шығу тарихы мен аңыз-баяндарын жатқызсақ болады. Бұл күйдің шығу төркінін кестелейтін аңызды әңгімелесек, бір халықтың тұрмыс-тіршілігі мен өмір-салты, мәдениеті, тілі мен өнері секілді ұласпалы мәдени элементтердің жиынтығын құрап алуға болар еді. Бұл әрине, лингвомәдениеттану тұрғысынан құнды материал.

Ғасырлар бойы көшпелі салтты қазақ үшін табиғат ерекше мәнге ие. Табиғаттың әрбір көрінісі, оның сыры, тауы мен тасы күй өнеріне де арқау болды, сәйкесінше осымен байланысты аңыздар да айтылды. Табиғатқа тарту етілген күйлер көбіне халық күйшілерінің қоржынында молынан кездеседі (Боғданың «Бозтөбесі», Тәттімбеттің «Сарыжайлауы», Қайрақбайдың «Дайынкөлі», Т. Белгібайұлының «Ақаралы», Т. Момбековтың «Мыңжылқысы» т.б.).

Бұлармен бір қатарда жан-жануарларға арналған күйлердің аңыздары да бар. Қазақ күй өнерінің аңызбен әспеттелген көне үлгілеріне табиғатпен біте қайнасқан, әсіресе құстар мен жануарлар атауымен байланысты “Нар”, “Аққу”, “Ақсақ қыз”, “Ақсақ құлан”, “Қаз”, “Жорға аю”, “Жетім қыз”, “Зарлау” секілді күй аңыздары жатқызылады (Мурзабаева және б., 2024) Мұндай күйлерде жүгірген аң, ұшқан құс, төрт түлік малға арналған аңыздар мен әпсаналық мотивтер, мифтік сарындар кеңінен көрініс табады. «Тауқұдірет», «Шыңырау», «Ақсақ қаз», «Бөкенжарғақ», «Аңшының зары», «Жорға аю», «Салкүрең», «Желмая», «Бозінген», «Аққу» күйлері жан-жануарларға қатысты аңыздар мен мифтік сарындардың бай дәстүрімен сабақтасып, қазақ күй өнерінде табиғат пен жан-жануарлар тақырыбының қаншалықты терең және көпқабатты зерттелгенін, сипатталғанын, арқау етілгенін айғақтайды (Ақселеу, 2002).

Фольклор – қашанда мейлінше күрделі, сан-салалы арналарға бөлінетін этномәдени құбылыс (Зарыққан, 2022). Лингвомәдениеттанудың ірі бір зерттеу ортасы да осы – фольклор. Фольклор лингвомәдениеттану зерттеулерінің ең маңызды және орталық бағыты ретінде қарастырылады. Ал күй аңыздары болса – барлық осы фольклорлық жанрлармен терезесі тең мәдени капитал.

Мифологиялық және фольклорлық үлгілерді зерттеу (мәселен күй аңыздары) – лингвомәдениеттанудың жетекші зерттеу векторларының бірі. Бұл нысандағы зерттеулер тілдік бірліктердің мәдени семантикасын, олардың тарихи-әлеуметтік негіздемесін және ұлттық дүниетанымдағы рөлі мен қызметін кешенді түрде ашуға мүмкіндік береді (Мафтұна, 2025).

Ең алдымен символ дегеніміз – белгілі бір әлеуметтік немесе мифологиялық контекстте жинақталған конденсацияланған мағына (мәдени код). Ол нақты нысан мен абстрактылы ұғым арасындағы байланысты бейнелейді.

Жалпы фольклорлық қолданыстағы символдардың типологиялық бөлінісін былайша бөліп көрсетсек болар еді: Тотемдік белгілер (бүркіт, жылқы), географиялық / пейзаждық белгілер (дала, тау, өзен), артефактілік белгілер (киіз үй, киелі домбыра, жамбы, қобыз), түс символдары (ақ, қара). Шындығында символдардың абстрактілі мән-мағынасы әркез тұрақты бола бермейді. Олар уақытпен, дәуірмен, түсінікпен бірге өзгеріп отыруы да мүмкін. Фольклорлық қолданыстағы символдардың типологиялық

бөлінісін айқындайтын күй аңыздары қытайдағы қазақтарда сақталған байырғы аңыз күйлерде анық көрініс тапқан (Maulet et al., 2025).

Күй аңыздарындағы символдар – ауызша мәтіндер арқылы берілетін мәдени-мағыналық бейнелер, кодтар, белгілер. Нақтырақ айтқанда, тілдік бейнелер (атаулар, жаратылыстар, эпизодтық сюжеттер, метафоралар) және әлеуметтік көрсеткіштер (тарихи тұлғалар). Бұларды бірнеше типтерге бөлсек болады:

Табиғатқа тән символдар. Мысалы: дала, тас, тау, өзен, жел, жылқы, қоян т.б.

Символикалық үлгіде былай сипаттасақ болады: дала – еркіндік, кеңдік көшпелілік; Әлеуметтік-мәдени символдар. Мысалы: үй, табалдырық, қонақжайлылық, абырой, намыс (қазақ) кодтары.

Лексикалық және ономастикалық символдар. Мысалы: күй атаулары, жеке тұлға аттары, географиялық атаулар, эпитеттер.

Сандық немесе түс-реңк символдары. Мысалы: қасиетті сандар (3,7,40); ақ түс (тазалық), қызыл (махаббат), қара (қайғы) т.б.

Перформативтік символдар. Мысалы: киім-кешек, орындаушы келбет-сипаты, орындау мәнері, интонация т.б.

Лингвистикалық көзқарас тұрғысынан бірқатар символдық құрылымдағы механизмдерді бөліп көрсетсек болады. Мәселен, метафора мен метонимия, конденсация (бір белгі бірнеше мағынаны біріктіруі), полисемия (бір белгі көптеген мағыналарға ие болу). Символдар көбінесе мифологиялық логиканың (символдардың ассоциациясы) арқасында мағына арқалайды. Лексикалық таңбаларды мәдени концепттерді білдіретін семантикалық доминанттар ретінде сипаттасақ болады.

Лингвомәдениеттану тұрғысынан күй аңыздарындағы немесе жалпы аңыздардағы символдар бірқатар маңызды функцияларды атқарады. Олар:

Кодтау қызметі: музыкалық және тілдік белгілер арқылы оқиға мен сезім кодталады. Мнемоникалық қызмет: аңыздар, символдар тарихи және әлеуметтік ақпаратты сақтауға көмектеседі. Идентификациялық қызмет: ұлттық және аймақтық мәдени идентификацияны анықтауда шешуші рөл атқарады.

1-кесте. Символдардың семантикалық өрісінің үш деңгейлі құрылымы

Негізгі денотативтік қабат	Метафоралық-ассоциациялық қабат	Мифопоэтикалық қабат
Тура бейнесі (жылқы – жануар, көлік)	Ұлттық санада орныққан қасиеттер мен функциялар (жылқы – еркіндік, пырақ, жылдамдық)	Космологиялық немесе ритуалдық мәндер (жылқы – әлемдер арасын байланыстырушы медиатор)

Күй аңыздарындағы немесе жалпы фольклордағы тілдік бірліктер тақырыбы да – лингвистиканың қызықты бір зерттеу алаңы. Тілдік бірліктер (формуалар, рефрендер) ауыз әдебиеті дәстүрінің туу және орындалу тұрақтылығын қамтамасыз ететін, мәтіннің адаптациясы мен репродукциясын жеңілдететін арнайы көркем формуалар жиынтығы, құрал ретінде бой көрсетеді.

Жалпы фольклорлық тіл бірліктері фонетикалық, морфологиялық, лексикалық және синтаксистік деңгейлерде әртүрлі қарастыруға болатын материалдар. Ырғақ, аллитерация, ассонанс, шаблондық тіркестер мен эпитеттер, рецептивті бірліктер, дискурстық бірліктер, параллелизм фонетикадан бастап, синтаксиске дейінгі фольклордағы бай қолданыс тапқан лингвистикалық ұғымдар болып табылады.

Бұл тілдік бірліктер фольклор бөлінісіндегі әртүрлі жанрларға (эпос, аңыз, ертегі, мақал-мәтел т.б.) байланысты әртүрлі функциялар атқарады. Олар ритуалдық, тәрбиелік, ақпараттық, когнитивтік немесе эстетикалық функциялар болуы мүмкін.

Күй аңыздарында ұлттың тұтас келбеті, танымы мен көзқарас жүйесі ашық көрінеді. Батырлардың, рудың, туған жердің ар-намысын қорғау, нақты адамдардың ерлігі мен мәртебесі, батырлардың қуаты мен айбаты, қыздардың рухы, түрлі оқиғалар, сезім дүниесі, махаббат пен сағыныш, қайғы мен қасірет, өлім мен өмір т.б. (Курманғалиева, 2021).

Қазақ фольклорында «Ақсақ құлан — Жошы хан» аталатын аңыз кең таралған мәтіндер қатарына жатады. Бұл аңыздың нұсқалары негізінен жыр және күй аңыздарының формаларында, сондай-ақ топонимикалық эпсана ретінде де кездеседі. Жыр аңыздарында бастапқыда тарихи оқиғалардың жаңғырығы ретінде пайда болған элементтер сақталып, уақыт өте келе ғұрыптық фольклор шеңберінде қалыптасқан көркемдік белгілермен және көне мифологиялық тұжырымдармен байытылған аңыз ретінде топшылауға болады (Absadyk & Muratkyzu, 2024). Тақырып аясында осы бір танымал күй аңызындағы символдар мен тілдік бірліктерді семиотикалық классификация, лингвомәдени интерпретациялық талдауымызға негіз етелік.

2-кесте. «Ақсақ құлан — Жошы хан» күй аңыздағы негізгі символдар және олардың мәдени семантикасы

Символ	Типі	Мәдени мағынаны интерпретациялау	Мәтіндегі қызметін интерпретациялау
Ақсақ құлан	Табиғи-мифологиялық символ	Еркін дала рухы, дала заңы (аңшыны «жазалау») Киелілік (аң тұрғысынан адамға жауап қайтару идеясы) Халықтың коллективтік жадында орныққан «күшті табиғат – әлсіз адам» концептісі.	Жошының өлімінің себепкері ғана емес, бүкіл аңыздың кульминациялық символы. «Ақсақтық» детالی – алдаусыратып қашудың айласы, табиғаттың стратегиялық әрекетін көрсететін символикалық шешім.
Жошы хан	Тарихи-элеуметтік символ	Мұрагер, билік пен шаңырақтың, тектің жалғастырушысы, әке-бала қатынасының киесі.	Оның өлімі бүкіл орда өмірінің бұзылуын, хандықтың ішкі күйреу қаупін символикалық тұрғыда бейнелейді.
Алаша хан	Билік символы	Тотемдік-магиялық тыйымның бастауы («Кім жаман хабар жеткізсе, сол ауызға қорғасын құю», архаикалық сенім)	Әкелік архетип
Кетбұға күйші	Дәнекер символ	Шындықты музыкамен жеткізетін медиатор. Күйді сөйлететін перформативтік мәдени код.	Рухани билік иесі.
Домбыра	Сакралды музыкалық символ	Үн мен күй арқылы шындықты жеткізетін құрал. Халық жадын сақтаушы, Қазақтың этномузыкалық кодының басты символы.	Домбыраға қорғасын құю әрекеті, аспаптағы ойықтың пайда болуының этимологиялық түсіндірмесі. Бұл материалдық мәдениет пен мифтің түйісуі.

Қорғасын	Жазалау мен ескі табу символы	Ауыр хабардан қорғану материалы. Сөздің киесі мен жауапкершілігін жеткізуші. Қатал биліктің символикалық құралы.	Домбыраның ойығы – материалдық артефактіге айналған символдық белгі.
----------	-------------------------------	--	--

Фольклор тілінің құрылымын қалыптастыратын тілдік бірліктер – формулалық тіркестер, тұрақты эпитеттер, синтаксистік қайталамалар және ритмикалық құрылымдар. Бұлар ауыз әдебиеті дәстүрінің репродуктивтік механизмін қамтамасыз ететін кішкентай, алайда аса маңызды бірліктер екені айқын. «Ақсақ құлан — Жошы хан» аңызындағы тілдік бірліктердің лингвомәдени сипатын төмендегідей негізде, кестелі үлгіде сұрыптасақ болады:

3-кесте. «Ақсақ құлан — Жошы хан» күй аңыздағы тілдік бірліктердің лингвомәдени сипаты

Ономастика	Эпитеттер	Диалогтық құрылым	Перформативтік тілдік актілер
<i>Жошы, Алаша, Кетбұға, Бетпақдала</i> (тарихи-мифологиялық есімдер, кеңістік семиотикасы)	<i>Ақсақ құлан, зарлы күй, жалғыз шынашақ т.б.</i> (оқиғаның эмоционалдық-көркемдік деңгейі, бейнелеуіштер)	<i>Хан мен Кетбұға диалогтары</i> (қазақ қоғамындағы әлеуметтік дистанция, құрмет формулаларын көрсетеді)	<i>Естірту</i> (мәдени ритуал) Күй арқылы жеткізу (вербалды актіні алмастыратын орындаушылық код)

Қорытынды

Күй аңыздары ұлттың мәдени кодын, танымдық құрылымын және әлеуметтік тәжірибесін жеткізетін семиотикалық жүйе екеніне көз жеткіздік. Осы жүйені құрайтын негізгі элементтердің қатарында символдар мен тілдік бірліктер ерекше орын алады. Олар тек коммуникациялық құрал ғана емес, сонымен қатар тарихи жадтың, таным мен білімнің және ұжымдық дүниетанымның тасымалдаушысы. Фольклордың тілдік құрылымын ғылыми тұрғыдан зерттеу ең алдымен символдардың семантикалық табиғатын, фольклорға тән тілдік формулалардың қызметін және мәтін құрылымы мен жасалуының механизмдерін түсінуге мүмкіндік ашады. Күйлердің генезисі мен тууы проблематикасында іргелі жұмыстарымен танылған жетекші ғалым А.И. Мұхамбетова «сөз бен музыка бірлігі» тұжырымын алға тарта отырып, күйлердің шығу төркінінде тілдік-мәтіндік бірліктердің рөл ойнайтындығын салмақтай түседі.

Күй аңыздарындағы символдар – белгілі бір мәдени-философиялық мағына мен жинақталған мазмұнды қамти отырып, нақты бейне арқылы абстрактілі мағыналарды беретін тілдік таңбалық құбылыс. Символдың басты ерекшелігі – оның мағынасының көпқабаттылығы және тарихи-мәдени контекске тікелей тәуелділігі. Олар – бір әлеуметтік немесе мифологиялық контекстте жинақталған конденсацияланған мағына (мәдени код). Ол нақты нысан мен абстрактылы ұғым арасындағы байланысты бейнелейді.

Фольклор тілінің құрылымын қалыптастыратын тілдік бірліктер – формулалық тіркестер, тұрақты эпитеттер, синтаксистік қайталамалар және ритмикалық құрылымдар. Бұлар ауыз әдебиеті дәстүрінің репродуктивтік механизмін қамтамасыз ететін кішкентай, алайда аса маңызды бірліктер екені айқын.

Күй аңыздарындағы мәдени символдар мен тілдік таңбалар ұлттың дүниетанымымен тонның ішкі бауындай жақын ұғымдар. Лингвомәдениеттану тұрғысынан талдау аңыздардың семиотикалық құрылымын, когнитивтік тереңдігін және әлеуметтік функцияларын ашуға мүмкіндік береді. Осы бағыттағы кешенді зерттеулер музыкалық, лингвистикалық және этнографиялық деректерді біріктіре отырып, фольклорлық мұраны сақтап, оны білім беру мен мәдени-тәрбиелік саясатымызда еркін, ашық, түсінікті түрде қолдануға мүмкіндік беретін іргелі зерттеулерді құрайды.

Тек қана күй аңыздарындағы ғана емес, жалпы фольклорлық мәтіндердегі символдар мен тілдік таңбалар – бір-бірін толықтырып, күрделі мағыналық құрылым жасайтын ұғымдар. Символдар мағынаның терең қабатын ұйымдастырып, мәтінге сакралды, абстрактілі дәм қатса, тілдік бірліктер сол мағынаны тұрақты тілдік қалыптарға түсіруге ат салысады, композициялық тәсілдер болса, мәтінді қабылдауға қолайлы тұтас бір құрылымға айналдырады.

Лингвомәдениеттанудың мақсаты – тілдік таңбалар мен тілдік элементтер арқылы мәдениетті сақтау және жеткізу құбылысы мен механизмдерінің қалай іске асатынын айқындау, зерттеу. Бұл сала терминологиялық атауындағы құрылымы айқындап тұрғандай тіл мен мәдениеттің өзара байланысы мен әрекеттесуінің тетіктерін зерттеп, ғылыми тұрғыдан түсіндіруді міндет етеді. В. Телияның тұжырым-пікіріне сүйенсек, лингвомәдениеттанудың негізгі мақсаты – тіл мен мәдениеттің, тіл мен этностың, тіл мен ұлттық менталитеттің арақатынасына жарық түсіру (Khayatova, 2022).

Лингвомәдениеттанымдық көзқарас тұрғысынан зерделенде, тіл дыбыстар жүйесінен тұратын қарым-қатынас құралының атауы ғана емес, «ұғым – тіл – мәдениет» үштігінен құралған «мәдени код, мәдени қор, мәдени ақпарат көзі» (Жолекенова & Исина, 2023).

Жалпы лингвомәдениеттану – тіл мен мәдениеттің тарихи әрекет процесін, тілдік бірліктердің (сөз, образдар мен метафоралар, ұғым, мәтін, сөйлеу, риторикалық дәстүр, тілдік стереотип пен қалыптар) мәдени мағыналық жүгін және ұлттық дүниетанымды қалыптастырудағы рөлін ғылыми тұрғыда зерттейтін интердисциплинарлық бағыт. Бұл сала тілдік құбылыстарды тек бір форма ішіндегі қалыпты код ретінде емес, сол код арқылы берілетін мәдени-идеологиялық, когнитивтік және коммуникативтік мәндердің кешені ретінде қарастырады.

Сол себепті күй аңыздары мен ондағы символдарды, аңыз-әңгімелермен тығыз байланысты күй формасындағы ұлттық музыканың нарративті сипатын жаңа бір салааралық талдауларға салып, ұлттық, мәдени интерпретация мен талдауларға жол ашу маңызды болып қала бермек.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Авторлар мүдделер қақтығысы жоқ екенін хабарлайды.

Авторлардың қосқан үлесі. П. Нұрдаулет – мақала материалдарын жинақтау, зерттеу жұмысының жалпы құрылымын, күй аңыздарын саралап негіздеді. **Г.Ә. Сәрсек** – мақаланың әдіснамасы мен теориясын, зерттеудің орындалуы мен мақаланың жазылуын сыни тұрғыдан қайта қарады, тексерді, өңдеді, бағыт-бағдар берді. **А. Маулет** – зерттеу материалдарына талдау жүргізді, қорытындысы мен мақаланың рәсімделуіне үлес қосты.

Әдебиеттер тізімі

Азимова, Н. Т. (2024). Жұбановтар еңбектеріндегі мифтік әдебиет мәселесі (Қ.Жұбанов және Е.Жұбанов еңбектері негізінде). «Жұбанов тағылымы» атты дәстүрлі XI халықаралық конференция материалдары. Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті.

Ақселеу, С. (2002). Қазақтың күй өнері. Монография. Астана: Күлтегін.

Әбсадық А.А., Мұратқызы, М. (2024). «Ақсақ құлан–Жошы хан» аңызы: тарихилығы, көркемдігі және дәстүр сабақтастығы. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Филология сериясы, 147(2), 167–178. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-147-2-167-178>

Әуезов, М. (1962). Уақыт және әдебиет. Алматы: Қазмемкөркемәдеббас.

Бабалар сөзі. (Жүз томдық) (84-том). Күй аңыздар. Астана.

Демесинова, Л.М. (2021). Әсемқұловтың «Талтүс» романындағы «күй» архетипі. «Заманауи ғылым парадигмасы жастар» XV халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. (2021, 12 сәуір).

Жаменкеев, Е.Е. Қазақтың домбыра дәстүріндегі әзіл күйлер аңыздарының әдебі. ҚазҰУ Хабаршысы. Филологиялық серия, 170(2), 246–251. <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/2252>

Жолекенова, Д.Б., & Исина, Ж.А. (2023). Мақал-мәтелдерді лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан зерттеудің теориялық негіздері. Баишев Университетінің хабаршысы, 1, 69-74.

Жубанов, А. (2001). Струны столетий. Алматы: Дайк-Пресс.

Зарыққан, Ұ. (2022, 31 наурыз). Қазақ күй аңыздары туралы біпер сөз. Әдебиет порталы. https://adebiportal.kz/kz/news/view/qazaq-kui-anyzdary-turaly-birer-soz_23814

Казыбекова, Ж.А., & Сеилханов, Р. М. (2024). Аттас күйлерді «этимология» ұғымының мазмұны аясында зерттеу (жеткізу). Еуразиялық ғылым және өнер, 26.

Канатова, А.Р. (2017). Кюевые онимы как знаки культуры (на примере казахской инструментальной традиции шертпе). Культура и искусство, (6), 88–95. <https://doi.org/10.7256/2454-0625.2017.6.23251>

Казтуганова, А.Ж., Омарова, А. К., & Турмагамбетова, Б. Т. (2023). Folklore plot in the genres of traditional and academic Kazakh music. Keruen, 80(3), 266–275. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3-23>

Курманғалиева, М.С. (2021). Легенда и музыка казахского кюя — мир и духовность, выстроенные в логической цепи мироздания. Тенгрианство и эпическое наследие народов Евразии: истоки и современность: Материалы VIII-й Международной научно-практической конференции. Домбай: Международный фонд исследования Тенгри

Мурзабаева, М.А., Арипбаева, Л. Ш., Серікбаева, Қ. Қ., & Джамашова, Г. А. (2024). Музыка мәдениетінің даму заңдылықтары мен критерийлері. Nordic_Press, 5(0005). DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.14384295>

Раимкулова, А.Р., & Сахарбаева, К. (2013). Эволюция синкретического жанра. Science and World, 2(6), Vol. III, 172-173.

Сұлтанғалиева, Р.Б., & Метенова, З.Р. (2025). Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасындағы этиологиялық мифтердің интерпретациясы. Вестник Западно-Казахстанского университета имени М.Утемисова, 98(2), 120.

Таңжарықова, А. (2010). Қазіргі қазақ прозасындағы фольклорлық сарындар. Вестник КазНУ. Серия филологическая, 6(130), 230-232.

Турумбаева, М. (2024). The notion of linguoculturology. Совместные конференции, 1(7), 190–194.

Тулькубаева, Ж.Ж., Оспанова, Т.У., & Махаматдинова, Т.Б. (2019). Творчество кюйши Кожеке Назарулы в контексте истории и культуры региона Жетысу Казахстана. Евразийский союз ученых, 2(59), 10-14.

Уәли, Н. (2015). Ұлттық мәдениеттің мәдени кодтарын ашу мәселелері. TILTANYM, (3), 40–52.

Allamuratov, A. M. (2021). Linguocultural study. Theoretical and Applied Science, 10(102), 272-275. <https://dx.doi.org/10.15863/TAS.2021.10.102.18>

Blacking, J. (1973). How musical is man? Washington: University of Washington Press.

Cassirer, E., & Capeillères, F. (1991). Le judaïsme et les mythes politiques modernes. *Revue de Métaphysique et de Morale*, 96(3), 291–303.

Ergasheva, M.K. (2022). The term linguoculturology and its introduction into science. *European Scholar Journal*, 3(2), 56.

Khayatova, D.Z. (2022). Study of Linguoculturology in Linguistics. *Miasto Przyszłości*, 30, 292–294.

Maftuna, N. (2025). Linguoculturological features of folklore text (on the example of English tales). *Web of Medicine: Journal of Medicine, Practice and Nursing*, 3(3), 605–610.

Maulet, A., Koblandin, K., & Tlegova, K. (2025). Instrumental Music Heritage of the Kazakhs of East Turkestan. *Milli Folklor*, 19(145), 114–29. DOI: <https://doi.org/10.58242/millifolklor.1385194>

Merriam, A. P. (1964). *The anthropology of music*. Evanston: Northwestern University Press.

Nettl, B. (1983). *The study of ethnomusicology: Twenty-nine issues and concepts*. Champaign: University of Illinois Press.

Ysmailova, R., Akmatova, A., Ysmayilova, B., Arzymatova, Z., & Turgunbaeva, Z. (2024). Exploring the dynamic interplay of national identity and linguoculture in Kyrgyzstan. *Traduction et Langues*, 23(03), 135–160. <https://doi.org/10.52919/translang.v23i03.1017>

П. Нурдаулет¹, Г.А. Сарсеке^{2*}, А. Маулет³

^{1,2} *Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

³ *Международный университет Астана, Астана, Казахстан*

Лингвокультурная природа культурных символов и языковых знаков в легендах кюев

Аннотация. В статье анализируется природа, функция и роль культурных символов и языковых знаков в национальном сознании в рамках междисциплинарной лингвокультурологической перспективы на материалах казахских легенд кюев. Исследование, объединяя богатое фольклорное наследие и нарративный материал, сосредоточивает внимание на семиотических взаимоотношениях между легендами о кюях и музыкальными текстами. Культурные символы и языковые знаки в легендах кюев представляют собой взаимосвязанные понятия — близкие по своему значению с мировоззрением нации, подобные сплетённым внутренним струнам тона. Лингвокультурологический анализ позволяет выявить семиотическую структуру легенд, их когнитивную глубину и социальные функции. Не только в легендах кюев, но и в фольклорных текстах в целом символы и языковые единицы дополняют друг друга, формируя сложные смысловые структуры. Новизна работы заключается в том, что она представляет собой одну из первых научных статей, глубоко анализирующих культурные символы и языковые знаки в легендах кюев в рамках интердисциплинарной лингвокультурологии. Исследование предлагает значимые данные и рассуждения о взаимовлиянии языка и культуры при формировании фольклорного текста. Интегрируя языковой анализ и культурную интерпретацию, работа выявляет механизмы пересечения языка и культуры в контексте легенд кюев. Полученные результаты подчёркивают важность лингвокультурологической методологии в исследовании фольклора и легенд кюев и способствуют системному пониманию многомерных, многоуровневых и сложных взаимосвязей между языком, культурой и фольклором.

Ключевые слова: символ, лингвокультурология, лингвистика, легенды кюев, фольклор, семиотика.

P. Nurdaulet¹, G.A. Sarseke^{2*}, A. Maulet³

^{1,2} *L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

³ *Astana International University, Astana, Kazakhstan*

The linguocultural nature of cultural symbols and linguistic signs in Kuy legends

Abstract. This article examines the nature, functions, and role of cultural symbols and linguistic signs in the national consciousness within an interdisciplinary linguocultural perspective, based on Ka-

zakh kuy legends. Combining a rich folkloric heritage with narrative material, the study focuses on the semiotic interrelations between kuy legends and musical texts. Cultural symbols and linguistic signs in Kuy legends are mutually related concepts closely connected to the nation's worldview, akin to twin strands within the inner fibre of tone. A linguocultural analysis makes it possible to reveal the semiotic structure of the legends, their cognitive depth, and their social functions. Not only within kuy legends but across folkloric texts in general, symbols and linguistic units complement one another to form complex semantic structures. The novelty of this work lies in its status as one of the first scholarly articles to provide an in-depth analysis of cultural symbols and linguistic signs in kuy legends within the interdisciplinary field of linguocultural studies. The research offers important data and reflections on the mutual influence of language and culture in the formation of folkloric text. By integrating linguistic analyses with cultural interpretation, it delineates the mechanisms through which language and culture intersect in the context of kuy legends. The findings underscore the significance of a linguocultural methodology for research on folklore and kuy legends and contribute to a systematic understanding of the multidimensional, multilayered, and complex relationships among language, culture, and folklore.

Keywords: symbol, linguocultural studies, linguistics, kuy legends, folklore, semiotics.

References

Azimova, N. T. (2024). Zhubanovtar enbekterindegi miftik adebiet maselesi (K. Zhubanov zhane E. Zhubanov enbekteri negizinde) [The issue of mythological literature in the works of the Zhubanovs (based on the works of K. Zhubanov and E. Zhubanov)]. In Zhubanov tagylymy atty dasturli XI khalykaralyk konferentsiya materialdary [Proceedings of the XI International Conference "Zhubanov Heritage"]. Aktobe: K. Zhubanov Aktobe Regional University.

Akseleu, S. (2002). Kazaktyn kui oneri [Kazakh kui art]. Monograph. Astana: Kultegin.

Absadyk, A. A., & Muratkyzy, M. (2024). "Aksak kulan-Zhoshy khan" anyzy: tarikhilygy, korkemdigi zhane dastur sabaktastygy [The legend "Aksak Kulan-Jochi Khan": historicity, artistry and continuity of tradition]. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series, 147(2), 167–178. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-147-2-167-178>

Auezov, M. (1962). Uakyt zhane adebiet [Time and literature]. Almaty: Kazmemkorkemadebbas.

Babalar sozi [Words of the Ancestors]. (Vol. 84). Kui anyzdar [Legends of kuis]. Astana.

Demesinova, L. M. (2021). Asemkulovtyn "Taltus" romanindagy "kui" arkhetipi [The archetype of the "kui" in Asemkulov's novel Taltus]. In Zamanauy gylm paradigmasy zhastar XV khalykaralyk gylmi-tazhiribelik konferentsiya materialdary [Proceedings of the XV International Scientific and Practical Conference "Modern Science Paradigm and Youth"].

Zhamenkeev, E. E. (n.d.). Kazaktyn dombira dasturindegi azil kui anyzdarynyn adebi [The poetics of humorous kui legends in the Kazakh dombira tradition]. Bulletin of KazNU. Philology Series, 170(2), 246–251. <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/2252>

Zholekenova, D. B., & Isina, Zh. A. (2023). Makal-matelderdi lingvomadeniettany turgysynan zertteudin teoriyalyk negizderi [Theoretical foundations for the linguocultural study of proverbs]. Baishev University Bulletin, 1, 69–74.

Zhubanov, A. (2001). Struny stoletii [Strings of the centuries]. Almaty: Daik-Press.

Zarykkan, U. (2022, March 31). Kazak kui anyzдарy turaly birer soz [A few words about Kazakh kui legends]. Adebiet Portaly. https://adebiportal.kz/kz/news/view/kazak-kui-anyzдарy-turaly-birer-soz_23814

Kazybekova, Zh. A., & Seilkhanov, R. M. (2024). Attas kuilerdi "etimologiya" ugymynyn mazmuny ayasynda zertteu [Studying homonymous kuis within the framework of the concept of "etymology"]. Eurasian Science and Art, 26.

Kanatova, A. R. (2017). Kyuievye onimy kak znaki kultury (na primere kazakhskoi instrumentalnoi traditsii shertpe) [Kui onyms as cultural signs (based on the Kazakh instrumental tradition of shertpe)]. Kultura i iskusstvo, (6), 88–95. <https://doi.org/10.7256/2454-0625.2017.6.23251>

Kaztuganova, A. Zh., Omarova, A. K., & Turmagambetova, B. T. (2023). Folklore plot in the genres of traditional and academic Kazakh music. Keruen, 80(3), 266–275. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3-23>

Kurmangalieva, M. S. (2021). Legenda i muzyka kazakhskogo kuya — mir i dukhovnost, vystroennye v logicheskoi tsepi mirozdaniya [Legend and music of the Kazakh kui — the world and spirituality built in the logical chain of the universe]. In Tengrianstvo i epicheskoe nasledie narodov Evrazii: istoki i sovremennost [Tengrism and the Epic Heritage of the Peoples of Eurasia: Origins and Modernity]. Dombai: International Foundation for the Study of Tengri.

Murzabaeva, M. A., Aripbaeva, L. Sh., Serikbaeva, K. K., & Dzhamashova, G. A. (2024). Muzyka madenietinin damu zandylyktary men kriteriileri [Patterns and criteria of the development of musical culture]. *Nordic Press*, 5(0005). <https://doi.org/10.5281/zenodo.14384295>

Raimkulova, A. R., & Sakharbaeva, K. (2013). Evolyutsiya sinkreticheskogo zhanra [Evolution of the syncretic genre]. *Science and World*, 2(6), Vol. III, 172–173.

Sultangalieva, R. B., & Metenova, Z. R. (2025). Tauelsizdik kezenindegi kazak prozasindagy etiologiyalyk mifternin interpretatsiyasy [Interpretation of etiological myths in Kazakh prose of the independence period]. *Vestnik West Kazakhstan University named after M. Utemisov*, 98(2), 120.

Tanzharykova, A. (2010). Kazirgi kazak prozasindagy folklorlyk saryndar [Folkloric motifs in modern Kazakh prose]. *Bulletin of KazNU. Philology Series*, 6(130), 230–232.

Turumbaeva, M. (2024). The notion of linguoculturology. *Sovmestnye konferentsii*, 1(7), 190–194.

Tulkubaeva, Zh. Zh., Ospanova, T. U., & Makhamatdinova, T. B. (2019). Tvorchestvo kyushi Kozheke Nazaruly v kontekste istorii i kultury regiona Zhetysu Kazakhstana [The creativity of kuishi Kozheke Nazaruly in the context of the history and culture of the Zhetysu region of Kazakhstan]. *Eurasian Union of Scientists*, 2(59), 10–14.

Uali, N. (2015). Ultyk madeniettin maden kodtaryn ashu maseleleri [Issues of revealing the cultural codes of national culture]. *TILTANYM*, (3), 40–52.

Allamuratov, A. M. (2021). Linguocultural study. *Theoretical and Applied Science*, 10(102), 272–275. <https://dx.doi.org/10.15863/TAS.2021.10.102.18>

Blacking, J. (1973). *How musical is man?* Washington: University of Washington Press.

Cassirer, E., & Capeillères, F. (1991). Le judaïsme et les mythes politiques modernes. *Revue de Métaphysique et de Morale*, 96(3), 291–303.

Ergasheva, M.K. (2022). The term linguoculturology and its introduction into science. *European Scholar Journal*, 3(2), 56.

Khayatova, D.Z. (2022). Study of Linguoculturology in Linguistics. *Miasto Przyszłości*, 30, 292–294.

Maftuna, N. (2025). Linguoculturological features of folklore text (on the example of English tales). *Web of Medicine: Journal of Medicine, Practice and Nursing*, 3(3), 605–610.

Maulet, A., Koblandin, K., & Tlegova, K. (2025). Instrumental Music Heritage of the Kazakhs of East Turkestan. *Milli Folklor*, 19(145), 114–29. DOI: <https://doi.org/10.58242/millifolklor.1385194>

Merriam, A. P. (1964). *The anthropology of music*. Evanston: Northwestern University Press.

Nettl, B. (1983). *The study of ethnomusicology: Twenty-nine issues and concepts*. Champaign: University of Illinois Press.

Ysmailova, R., Akmatova, A., Ysmayilova, B., Arzymatova, Z., & Turgunbaeva, Z. (2024). Exploring the dynamic interplay of national identity and linguoculture in Kyrgyzstan. *Traduction et Langues*, 23(03), 135–160. <https://doi.org/10.52919/translang.v23i03.1017>

Авторлар туралы мәлімет:

Нұрдаулет Пәкизат – PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: pnurdaulet1984@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-2950-7926>

Сәрсекә Гүлнәр Әдебиетқызы – хат-хабар үшін автор, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: sarseke_ga@enu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1670-5131>.

Маулет Ардаби – PhD, аға оқытушы, Астана Халықаралық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: mr.ardabi@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7625-0407>

Нурдаулет Пакизат – PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Республика Казахстан, Астана. E-mail: pnurdaulet1984@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-2950-7926>

Сарсеке Гулнар Адебиеткызы – автор для корреспонденции, кандидат филологических наук, доцент, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: sarseke_ga@enu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1670-5131>

Маулет Ардаби – PhD, старший преподаватель, Международный университет Астана, Казахстан, Астана. E-mail: mr.ardabi@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7625-0407>

Nurdaulet Pakizat – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Republic of Kazakhstan, Astana. E-mail: pnurdaulet1984@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-2950-7926>

Sarseke Gulnar Adebietkyzy – corresponding author, Candidate of Philology, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: sarseke_ga@enu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1670-5131>

Maulet Ardabi – PhD, Senior Lecturer, Astana International University, Astana, Kazakhstan. E-mail: mr.ardabi@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7625-0407>



Copyright: © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).